

Бекітемін:
Абай облысы ДСБ «Облыстық кан
орталығы» ШЖҚ КМК директоры
_____ А.Б.Альжанова
«___» _____ 2025 жыл



**2025 жылға Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық кан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бойынша
ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережеде, Қазақстан Республикасының ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы заңнамасына сәйкес Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық кан орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі-Ұйым) ақылы медициналық қызметтер көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Ақылы медициналық қызмет көрсетудің мақсаты халықтың әр түрлі медициналық көмектің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен артық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

3. Медициналық қызметтерді көрсету Абай облысы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі «Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті» департаментінің 2022 жылғы «11» қазан айында берген №22018755 және №22018755 медициналық және дәрілік қызмет түрлері бойынша мемлекеттік лицензиясына, сонымен қатар оның қосымшаларына сәйкес жүргізіледі.

4. Ақылы медициналық қызметтер көрсету келесі нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі:

- 2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі;

- 2011 жылғы 01 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының № 413-IV Заңы (05. 01. 2024 ж. өзгерістерімен, толықтырумен);

- 2020 жылғы 16 қазандағы «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 672 қаулысы;

- 2015 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің (04. 08. 2017 ж. № 589 өзгерістерімен, толықтырумен) «ҚР азаматтарының және оралмандардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуын қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» № 344 бұйрығы;

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 қаңтардағы № ҚР ДСМ-8 бұйрығы.

«Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 5 мамырдағы № ҚР ДСМ-42 бұйрығы;

-2020 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «АИТВ-инфекциясының бар-жоғына міндетті конфиденциалдық медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығы;

5. Ұйым тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі-ТМККК) шеңберінде №1- қосымшаға сәйкес медициналық қызметтер көрсетеді.

6. Ұйым ақылы негізде медициналық қызметтерді №2-қосымшаға сәйкес көрсетеді.

7. Ақылы медициналық қызметтер көрсететін медицина қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер, қабылдау кестесі №3-қосымшаға сәйкес.

8. Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге қатысатын мамандардың еңбегіне ақы төлеу шарты негізінде және Ұжымдық шарт негізінде жұмыс берушінің актілерінде айқындалады.

2. Ақылы медициналық қызметтер көрсетудің шарттары мен тәртібі.

9. Ақылы медициналық қызметтер көрсету келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) ТМККК-ге кірмейтін медициналық бейіндегі кәсіпорындарды қан компоненттерімен және препараттармен (баға преискуррантына сәйкес) қамтамасыз етуде;

2) науқастың бастамшылығы бойынша зертханалық-диагностикалық қызметтер көрсетуде;

3) кәсіпорынмен келісілген шарт бойынша қанның зертханалық зерттеулерін жүргізуде;

10. Ұйым медициналық қызмет, оның ішінде ақылы қызметті бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жүргізеді.

11. Бюджет қаражаты есебінен сатып алынған медициналық жабдықтар ақылы медициналық қызметтер көрсету кезінде кестеге сәйкес (4-қосымша) пайдаланылады.

12. Ұйым медициналық қызмет, оның ішінде оның ішінде ақылы қызметтер диагностика және емдеу стандарттарына (хаттамаларына) сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәсілдерге сәйкес көрсетеді.

13. Ұйым, сондай-ақ, тікелей қызмет көрсететін, мамандар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады:

- сапасыз медициналық қызметтерді көрсеткені үшін;

- келісім-шарттардың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін,

- науқастың денсаулығы мен өміріне зиян келтірілген жағдайда;

-көрсетілген қызметтер үшін артық төлем медициналық қызметтерді ақы алынған жағдайда;

3.Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері

14. Тапсырыс беруші құқылы:

- медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкерлерінің біліктілігі туралы ақпарат алуға;

- денсаулық сақтауды басқару органдарына, медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі органға, белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз медициналық сарапшыларға жүргізілген емдеу сапасына және дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптама жүргізуге жүгінуге;

- көрсетілген медициналық қызметтер үшін шығыстар туралы ақпарат алуға;

- осы Ережеде көзделген жеңілдіктерді алуға;

-2 жұмыс күні ішінде жүргізілген талдаулардың нәтижелері туралы қорытынды алуға.

15. Тапсырыс беруші міндетті:

- Ұйымның ішкі тәртібін,жұмыс кестесін сақтауға;

- Шарт талаптарын сақтауға ;

- Көрсетілген қызметтер үшін төлемді уақтылы жүргізуге;

4. Жекелеген санаттағы азаматтарға берілетін жеңілдіктер туралы мәліметтер.

16. Ұйым келесі азаматтар санатына тегін медициналық қызмет көрсетеді:

- Ұлы Отан соғысының ардагерлері (куәлік болған жағдайда);

- I және II топтағы мүгедектер (мүгедектік куәлігі болған жағдайда).

Медициналық қызметтерге 50% жеңілдік беріледі:

- Көпбалалы аналарға;

- 70 жастан асқан зейнеткерлерге,
құжаттары болған жағдайда.

Медициналық қызметтер бойынша:

- Аппараттық плазмаферез процедурасы;

- Дискретті плазмаферез процедурасы (екі рет);

- Дискретті плазмаферез процедурасы (бір рет);

- Гемоэксфузия.

Жеңілдіктер мен артықшылықтар жалпыланбайды.

5. Ақылы негізде көрсетілген медициналық қызмет үшін есеп айырысу тәртібі.

17. Ұйым азаматтарға нақты көрсетілген қызметтер үшін төлем шотын ұсынады.

17. Азаматтармен есеп айыстыру:

- қолма-қол ақшамен ұйымның кассасына қаражатты төлеу арқылы, бұл ретте азаматтарға фискалдық жады бар бақылау-кассалық чек беріледі;

- қолма-қол ақшасыз, Ұйымның ағымдағы шотына аудару арқылы: БСН 071240012580, **ЖСК- KZ** 828562203110241424 «Банк Центр Кредит» АҚ Семей к., БСК **KCJBKZKX**.

6. Ақылы негізде көрсетілген медициналық қызмет бойынша түскен қаражатты пайдалану тәртібі.

18. Нысаналы шығыстар бюджеттен тыс қаражат бойынша бекітілген шығыстар сметасына сәйкес жүргізіледі. Шығындар жиынтығына жарғылық қызметке сәйкес өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асырудан кәсіпорынның басқа да шығыстары кіреді. Баға преysкурантының өзгеруі қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

19. Қызмет көрсетуден алынған қаражат қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге және шығындарды өтеуге, кәсіпорынның шаруашылық базасын дамытуға пайыздық қатынаста келесі тәртіппен бағытталады:

ақылы қызметтер көрсетуге қатысатын қызметкерлердің, басқа да персоналдың жалақысын төлеуге және еңбегін ынталандыруға ұйым басшысы (пайыздық арақатынаста) айқындайды.

қосымша ақшалай төлемдерді ұйым басшысы анықтайды (донациядан кейін донорларды көтермелеу, зейнеткерлік жасына байланысты құрметті демалысқа шығуға материалдық көмек көрсету және т. б.)

қызметкерлердің және өзге де персоналдың еңбекақы пайызы және еңбек жағдайлары жеке еңбек шарттарында белгіленеді және келісіледі.

салықтарды төлеуге және бюджетке басқа да міндетті аударымдарға-5%;

іссапар шығыстары мен қызметтік жол айрықтарын төлеуге;

дәрі-дәрмектерді, шығыс материалдарын және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға;

бланк өнімдерін, кеңсе тауарларын, шаруашылық тауарларын, қатты және жұмсақ мүкәммалды және т. б. сатып алуға;

байланыс қызметтеріне, көлік қызметтеріне, банк қызметтеріне және т. б. ақы төлеуге;

кадрлардың біліктілігін арттыруға және оқытуға;

мәдени-бұқаралық іс-шараларға;

7. Ақылы негізде медициналық қызметтерді көрсету бойынша есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі.

21. Ақылы қызметтер көрсету бойынша медициналық құжаттамалар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес келуге тиіс.

Ұйым, барлық деректемелерді көрсете отырып есепке алу және есептілік үшін бекітілген журналдар мен қызметтерді тіркеу нысандары бойынша жұмыс істейді. Тіркеу журналдарын жүргізуге жауапты тұлғаларды тағайындайды.

22. Ұйым денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен есепке алу саясатына сәйкес, ақылы медициналық қызметтер бойынша бухгалтерлік есеп пен есептілікті ТМККК көрсету және бөлек жүргізеді.

8. Ақылы негізде медициналық қызмет көрсету үшін басшының жауапкершілігі.

23. Абай облысы ДСБ «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК директоры көрсетілетін ақылы қызметтердің сапасына, көрсетілген қызметтер үшін төлемнің дұрыстығына және ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражаттың нысаналы мақсатта пайдалануға жауапты болады.

24. Осы Ереженің күші, егер қолданыстағы заңнамада өзгерістер болмаса, келесі жылға ұзартылады.